

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Министерство образования и науки Республики Казахстан**

**Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы  
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина**



**ҮШ ТІЛДІ БІЛІМ БЕРУДІ ІСКЕ АСЫРУ ҮШІН  
БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ  
ПЕДАГОГ КАДРЛАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІН ТАЛДАУ**

**Талдамалы анықтама**

**АНАЛИЗ ОБЕСПЕЧЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИЙ  
ВСЕХ УРОВНЕЙ ОБРАЗОВАНИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКИМИ КАДРАМИ  
ДЛЯ РЕАЛИЗАЦИИ ТРЕХЪЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ**

**Аналитическая справка**

**Астана  
2016**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан  
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**Үш тілді білім беруді іске асыру үшін барлық деңгейдегі білім беру  
ұйымдарының педагог кадрлармен қамтамасыз етілуін талдау**

**Талдамалы анықтама**

**Анализ обеспеченности организаций всех уровней образования  
педагогическими кадрами для реализации трехязычного образования**

**Аналитическая справка**

Астана  
2016

*Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2016 жылғы 20 қазандағы №9 хаттама).*

Үш тілді білім беруді іске асыру үшін барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының педагог кадрлармен қамтамасыз етілуін талдау. Талдамалық анықтама. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 48 б.

*Рекомендовано к изданию решением ученого совета Национальной академии образования им. И.Алтынсарина (протокол №9 от 20 октября 2016 г.).*

Анализ обеспеченности организаций всех уровней образования педагогическими кадрами для реализации трехязычного образования. Аналитическая справка. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2016. – 48 с.

Бұл жұмыста Үштілді білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған Жол картасын жүзеге асыру аясында үш тілді білім беруді іске асыру үшін барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының педагог кадрлармен қамтамасыз етілуін талдау жұмысы ұсынылған.

Талдамалық анықтама ғалымдарға, мектеп мұғалімдеріне, колледждер мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына, білім беру басқармаларының басшыларына, үштілді оқыту саласындағы барлық мамандарға арналған.

В настоящей работе представлен анализ обеспеченности педагогическими кадрами организаций образования всех уровней в рамках реализации Дорожной карты развития трехязычного образования на 2015-2020 годы.

Аналитическая справка адресована ученым, учителям школ, преподавателям колледжей и вузов, руководителям управлений образования, всем специалистам в области трехязычного обучения.

© Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық  
білім академиясы, 2016

© Национальная академия образования  
им. И. Алтынсарина, 2016

## **Кіріспе**

Қазақстандық мектептерде үштілділікті енгізу кезеңдері үш министрліктің:

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (05.11.2015. № 622)

– Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі (09.11.2015. № 344)

– Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің (13.11.2015. № 1066) бірлескен бұйрығымен үштілді білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған Жол картасында анықталған.

Жол картасының 5.1 пунктіне сәйкес үштілді білім беруді іске асыру үшін барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілуіне талдау жүргізу және көптілді педагогтердің қажеттілігін анықтау қарастырылған.

Осы пунктті орындау мақсатымен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ұлттық білім академиясына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша талдамалық анықтама дайындауды қажет ететін осы мониторингті жүргізуді тапсырды. Осыған байланысты келесі жұмыс жүргізілді:

– үштілді білім беруді іске асыру үшін барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарын педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету мен көптілді педагогтердің қажеттілігін анықтауға жүргізілген мониторинг құрылымы және технологиялық карталары әзірленді;

– үштілді білім беруді іске асыру үшін барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілу деңгейін анықтау мақсатында мұғалімдер және оқытушыларға арналған сауалнама әзірленді;

– үштілді білім беруді іске асыру үшін барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілуі және көптілді педагогтердің қажеттілігін анықтауды талдауға ақпараттар жинау және мәліметтер базасын өңдеу жүргізілді;

– білім берудің барлық деңгейіндегі педагогикалық кадрларына on-line сауалнама жүргізілді;

– үштілді білім беруді іске асыру үшін барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілуі және көптілді педагогтердің қажеттілігін анықтауға жүргізілген мониторинг мәліметтеріне талдау жасалды;

– үштілді білім беруді іске асыру үшін барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілуі және көптілді педагогтердің қажеттілігін анықтауға жүргізілген талдау нәтижелерін енгізу бойынша қорытындылар тұжырымдалды және жұмыс нәтижесі қорытындыланды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен анықталған техникалық ерекшелікке сәйкес жүргізілген мониторингке елдің ұлттық, мемлекеттік және жеке меншік жоғары оқу орындары, сонымен қатар,

техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары, республика мектептері тартылды. Мониторингке:

– 66 жоғары білім беру ұйымдары, олардың: 5-уі ұлттық, 27-сі мемлекеттік, 17-сі акционерленген және 17 жеке меншік жоғары оқу орындары;

– 192 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары;

– 1990 орта білім беру ұйымдары қатысты. Өкінішке орай, мониторингке Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстарының жалпы білім беретін мектептері қатыспады.

## **1 Үштілді білім беруді іске асыру үшін барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарын педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етуге жүргізілген мониторинг құрылымы мен технологиялық карталары**

Мониторинг жүргізу үшін технологиялық карталар, сауалнама әзірленді және жоғары оқу орындарына, сонымен қатар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларына жіберілді.

Үштілді білім беруді іске асыру үшін барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарын педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етуге жүргізілген мониторингтің технологиялық карталарының жалпы құрылымы келесі бөлімдерден тұрады:

I. Жалпы мәліметтер.

II. Көптілді білім беруді кадрлық қамтамасыз ету фактісі туралы мәліметтер (2016-2017жж.)

III. Үштілді білім беру аясында мұғалімдердің, жоғары оқу орындары мен техникалық және кәсіптік білім беруге оқытушылардың қажеттілігі туралы мәліметтер.

IV. Үштілді білім беру аясында мұғалімдердің, техникалық және кәсіптік білім мен жоғары оқу орындары оқытушыларының сапалық құрамы.

V. Біліктілікті арттыру туралы мәліметтер.

**«I. Жалпы мәліметтер»** бөлімінде сауалнамаға жауап берушілер: білім беру ұйымының толық заңдық атауын, оның мекенжайын, байланыстарын, мектептегі оқыту тілін, сонымен қатар үш/көптілді білім беруге жауаптылар және басшылар туралы мәліметтерді көрсетуі қажет.

«Үштілді білім беру жағдайында факті бойынша мұғалімдермен, ТЖКБ және ЖОО оқытушылармен қамтамасыз ету туралы мәліметтер» деп аталатын екінші бөлім төмендегі білім беру ұйымдарын педагог кадрлармен қамтамасыз етуді анықтауға бағытталған бір технологиялық картаны құрайды:

1. Жалпы білім беретін мектептерде:

- «Дүние жүзі тарихы» пәнін оқыту қазақ тіліндегі сыныптар/мектептерде орыс тілінде жүргізу;

- «Қазақстан тарихы» пәнін оқыту орыс тіліндегі сыныптар/мектептерде қазақ тілінде жүргізу;

- «Жаратылыстану» «Биология», «Химия», «Физика», «Информатика» пәндерін ағылшын тілінде жүргізу.

2. Техникалық және кәсіптік білім мен жоғары оқу орындарында ЖББП, БП, БП міндетті және элективті компоненттерінің тілдік емес пәндерін мақсатты тілде жүргізу.

Естеріңізге сала кетейік, мақсатты, тілдерге:

– оқыту қазақ тілді емес топтар үшін қазақ тілі (Т2);

– оқыту орыс тілді емес топтар үшін орыс тілі (Т2);

– оқыту тіліне тәуелсіз барлық топтар үшін ағылшын тілі (Т3) жатады.

**«III. Үштілді білім беруге көшу аясында мұғалімдер, оқытушылардың қажеттілігі туралы мәліметтер»** деп аталатын үшінші бөлім 2016-2017, 2017-2018 оқу жылында үштілді білім беру үшін

педагогикалық кадрлардың қажеттілігін анықтауға бағытталған.

«IV. Сапалық құрам» төртінші бөлімі үштілді білім беруді іске асыруға қатысты біліктілік санаты бар мұғалімдер туралы, сонымен қатар, ТжКБ мен жоғары оқу орындарының оқытушылармен қамтамасыз етілуі туралы мәліметтерді құрайды.

Сонымен, бесінші бөлім «V. Біліктілікті арттыру курстары» НЗМ- (білім мазмұнын жанарту бойынша), «Өрлеу» (үш тілде оқыту бойынша), «CLIL» әдісі бойынша біліктілікті арттыру курсынан, түрлі тілдік тағылымдамадан өткен орта мектеп мұғалімдерінің үлесін, сонымен қатар, тілдік тағылымдамадан өткен ТжКБ мен жоғары оқу орындарының оқытушыларының үлесін анықтауға бағытталған.

Жалпы, мониторинг құрылымы 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте – Педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етуге жүргізілген мониторинг құрылымы

Бөлімдер атауы	Технологиялық карталар атауы
1	2
<b>Орта білім беру</b>	
I. Жалпы мәліметтер	Білім беру ұйымдары туралы жалпы мәліметтер
	2016-2017 ж.
	А1 ТК а) – пәнді қазақ тілінде жүргізетін мұғалімдер саны (оқыту қазақ тілді емес мектептер үшін) б) – пәнді ағылшын тілінде жүргізетін мұғалімдер саны (оқыту қазақ тілді емес мектептер үшін)
	Б1 ТК а) – пәнді орыс тілінде жүргізетін мұғалімдер саны (оқыту қазақ тілді мектептер үшін) б) – пәнді ағылшын тілінде жүргізетін мұғалімдер саны (оқыту қазақ тілді мектептер үшін)
	2017-2018 ж.
II. Үштілді білім беру жағдайында факті бойынша мұғалімдермен қамтамасыз ету туралы мәліметтер	А1 ТК а) – пәнді қазақ тілінде жүргізетін мұғалімдер саны (оқыту қазақ тілді емес мектептер үшін) б) – пәнді ағылшын тілінде жүргізетін мұғалімдер саны (оқыту қазақ тілді емес мектептер үшін)
	Б1 ТК а) – пәнді орыс тілінде жүргізетін мұғалімдер саны (оқыту қазақ тілді мектептер үшін) б) – пәнді ағылшын тілінде жүргізетін мұғалімдер саны (оқыту қазақ тілді мектептер үшін)
	2016-2017 ж.
	А2 ТК а) – пәнді қазақ тілінде жүргізуге қажетті мұғалімдер саны (оқыту қазақ тілді емес мектептер үшін)

III. Үштілді білім беруге көшу аясында мұғалімдердің қажеттілігі туралы мәліметтер	б) – пәнді ағылшын тілінде жүргізуге қажетті мұғалімдер саны (оқыту қазақ тілді емес мектептер үшін)
	Б2 ТК а) – пәнді орыс тілінде жүргізуге қажетті мұғалімдер саны (оқыту қазақ тілді мектептер үшін) б) – пәнді ағылшын тілінде жүргізуге қажетті мұғалімдер саны (оқыту қазақ тілді мектептер үшін)
	2017-2018 ж.
	А2 ТК а) – пәнді қазақ тілінде жүргізуге қажетті мұғалімдер саны (оқыту қазақ тілді емес мектептер үшін) б) – пәнді ағылшын тілінде жүргізуге қажетті мұғалімдер саны (оқыту қазақ тілді емес мектептер үшін)
	Б2 ТК а) – пәнді орыс тілінде жүргізуге қажетті мұғалімдер саны (оқыту қазақ тілді мектептер үшін) б) – пәнді ағылшын тілінде жүргізуге қажетті мұғалімдер саны (оқыту қазақ тілді мектептер үшін)
IV. Мұғалімдердің сапалық құрамы	А3 ТК – Оқыту қазақ тілді емес мектептердегі үштілді оқытуға қатысты мұғалімдердің біліктілік санаты туралы мәліметтер Б3 ТК - Оқыту қазақ тілді мектептердегі үштілді оқытуға қатысты мұғалімдердің біліктілік санаты туралы мәліметтер
V. Біліктілігін арттыру туралы мәліметтер	А4 ТК – Оқыту қазақ тілді емес мектептердегі үштілді оқытуға қатысты мұғалімдердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер (соңғы үш жылда)
	Б4 ТК – Оқыту қазақ тілді мектептердегі үштілді оқытуға қатысты мұғалімдердің біліктілігін арттыру туралы мәліметтер (соңғы үш жылда)
<b><i>Техникалық және кәсіптік білім беру</i></b>	
I. Жалпы мәліметтер	Білім беру ұйымдары туралы жалпы мәліметтер
II. Үштілді білім беру жағдайында факті бойынша оқытушылармен қамтамасыз ету туралы мәліметтер	А1 ТК а) қазақ тілінде б) ағылшын тілінде в) қазақ және орыс тілдерінде г) қазақ және ағылшын тілдерінде д) орыс және ағылшын тілдерінде е) қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сабақ беретін оқытушылар саны (оқыту орыс тілді топтар/бөлімдер үшін)
	Б1 ТК а) орыс тілінде



	<p>б) ағылшын тілінде</p> <p>в) қазақ және орыс тілдерінде</p> <p>г) қазақ және ағылшын тілдерінде</p> <p>д) орыс және ағылшын тілдерінде</p> <p>е) қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сабақ беретін оқытушылар саны (оқыту қазақ тілді топтар/бөлімдер үшін)</p>
III. Мақсатты тілде оқытылатын пәндер туралы мәліметтер	A1 ТК а) – Оқыту орыс тіліндегі топтарда қазақ тілінде оқытылатын пәндер
	A1 ТК б) – Оқыту орыс тіліндегі топтарда ағылшын тілінде оқытылатын пәндер
	Б1 ТК в) – Оқыту қазақ тіліндегі топтарда орыс тілінде оқытылатын пәндер
	Б1 ТК г) – Оқыту қазақ тіліндегі топтарда ағылшын тілінде оқытылатын пәндер
	2016-2017ж.
IV. Үштілді білім беруге көшу аясында оқытушылардың қажеттілігі туралы мәліметтер	<p>A2 ТК а) – пәнді қазақ тілінде жүргізуге қажетті оқытушылар саны (оқыту қазақ тілді емес топтар/бөлімдер үшін)</p> <p>б) – пәнді ағылшын тілінде жүргізуге қажетті оқытушылар саны (оқыту қазақ тілді емес топтар/бөлімдер үшін)</p>
	<p>Б2 ТК а) – пәнді орыс тілінде жүргізуге қажетті оқытушылар саны (оқыту қазақ тілді топтар/бөлімдер үшін)</p> <p>б) – пәнді ағылшын тілінде жүргізуге қажетті оқытушылар саны (оқыту қазақ тілді топтар/бөлімдер үшін)</p>
	2017-2018 ж.
	<p>A3 ТК а) – пәнді қазақ тілінде жүргізуге қажетті оқытушылар саны (оқыту қазақ тілді емес топтар/бөлімдер үшін)</p> <p>б) – пәнді ағылшын тілінде жүргізуге қажетті оқытушылар саны (оқыту қазақ тілді емес топтар/бөлімдер үшін)</p>
	<p>Б3 ТК а) – пәнді орыс тілінде жүргізуге қажетті оқытушылар саны (оқыту қазақ тілді топтар/бөлімдер үшін)</p> <p>б) – пәнді ағылшын тілінде жүргізуге қажетті оқытушылар саны (оқыту қазақ тілді топтар/бөлімдер үшін)</p>
IV. Оқытушылардың сапалық құрамы	A4 ТК, Б4 ТК – Үштілді оқытуға қатысты оқытушылардың дәрежесі туралы мәліметтер

V. Тілдік тағылымдамадан өткендігі туралы мәліметтер	A4 ТК, Б4 ТК – Үштілді оқытуға қатысты және тілдік тағылымдамадан өткен оқытушылар туралы мәліметтер
<b><i>Жоғары білім беру</i></b>	
<b>I. Жалпы мәліметтер</b>	
II. Үштілді білім беру жағдайында жоғары оқу орнын оқытушылармен қамтамасыз ету туралы мәліметтер	2016-2017 ж.
	A1, Б1 ТК а) орыс топтарында/бөлімдерінде қазақ тілінде б) қазақ топтарында/бөлімдерінде орыс тілінде в) ағылшын тілінде г) қазақ және орыс тілдерінде д) қазақ және ағылшын тілдерінде е) орыс және ағылшын тілдерінде ж) қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізетін оқытушылар саны
	2017-2018 ж.
	A1, Б1 ТК а) орыс топтарында/бөлімдерінде қазақ тілінде б) қазақ топтарында/бөлімдерінде орыс тілінде в) ағылшын тілінде г) қазақ және орыс тілдерінде д) қазақ және ағылшын тілдерінде е) орыс және ағылшын тілдерінде ж) қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізетін оқытушылар саны
	2016 ж. Педагогикалық кадрлар қажеттілігі
	A2, Б2 ТК а) орыс топтарында/бөлімдерінде қазақ тілінде б) қазақ топтарында/бөлімдерінде орыс тілінде в) ағылшын тілінде г) қазақ және орыс тілдерінде д) қазақ және ағылшын тілдерінде е) орыс және ағылшын тілдерінде ж) қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізу үшін қажетті оқытушылар саны
III. Оқытушылардың сапалық құрамы	A3 ТК, Б3 ТК – Үштілді оқытуға қатысты оқытушылар дәрежесі туралы мәліметтер
IV. Тілдік тағылымдамалар туралы мәліметтер	A4 ТК, Б4 ТК – Тілдік тағылымдамадан өткен және үштілді оқытуға қатысты оқытушылар туралы мәліметтер

## **2 Үштілді білім беру саласында барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарын педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етуге жүргізілген мониторинг ақпараттарын жинау және мәліметтер базасын өңдеу әдістері**

Алдын ала дайындық: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясымен облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармаларына, жоғары оқу орындарына, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына үштілді білім беруде педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілуге жүргізілген мониторингке қатысуға хат жіберілді.

Сонымен қатар, 3-нен 10қазанға дейін Академияның ресми сайтында [www.nao.kz](http://www.nao.kz) үштілді білім беруді іске асыру үшін барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарын педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету сұрақтары бойынша өз пікірлерін білдірген ТЖКБ, жоғары оқу орны оқытушыларына on-line сауалнама жүргізілді.

### **Сауалнама**

#### **Үштілді білім беру жағдайында педагог кадрлармен қамтамасыз етілу мәселесі бойынша мұғалімдер, оқытушылар үшін On-line сауалнама**

#### **Құрметті мұғалімдер, оқытушылар!**

Сіздерден сауалнамаға белсенді қатысып, барлық сұрақтарға нақты жауап берулеріңізді сұраймыз. Әр сұрақтың жауабын белгілегеннен кейін, келесі сұраққа жауап беріңіз. Сәттілік тілейміз!

#### **Сауалнама сұрақтары**

##### **1. Сіз қай жерде жұмыс істейсіз? Жұмыс орныңыз ?**

- Облыс
- Қала
- Ауыл

##### **2. Білім беру ұйымының түрі:**

- Гимназия
- ШЖМ
- ОББМ
- Колледж
- ЖОО

##### **3. Сіздің білім беру ұйымыңыздағы оқыту тілі ?**

- Қазақ
- Орыс
- Қазақ, орыс,

**4. Сіз қалай ойлайсыз, ағылшын тілінің мұғалімдері «Жаратылыстану», «Химия», «Физика», «Биология», «Информатика» пәндері бойынша сабақ бере ала ма, егер:**

*а) олар аталған мамандық бойынша екінші жоғары білім алса*

- иә
- жоқ

*б) білімін арттыру курсынан өтсе*

- иә
- жоқ

**5. Сіздіңше, «Жаратылыстану», «Химия», «Физика», «Биология», «Информатика» пәндерінің мұғалімдеріне ағылшын тілінің жеткілікті деңгейін меңгеруге қанша уақыт қажет:**

- 1 ай
- 3 ай
- 6 ай
- 1 жыл

**6. Қазіргі уақытта сіздердің білім беру ұйымдарыңызда тілдік емес пәндердің педагогтері бар ма:**

*а) ағылшын тілін білетін*

- иә
- жоқ

*б) оқыту орыс тіліндегі мектептер/ сыныптар/ топтар/бөлімдер үшін қазақ тілін білетін*

- иә
- жоқ

*в) оқыту қазақ тіліндегі мектептер/ сыныптар/ топтар/бөлімдер үшін орыс тілін білетін*

- иә
- жоқ

**Құрметті әріптес!**

Сізге сауалнама сұрақтарына жауап бергеніңіз үшін алғысымызды білдіреміз. Аталған сауалнамадағы сіз берген әр жауап біз үшін өте маңызды.

On-line сауалнамаға Қазақстанның 16 аймағынан 2195 адам қатысты. Олардың ішінде сауалнамаға жауап бергендердің көпшілігі – 1320 адам колледжде, 203-і гимназияда, 149 сауалнамаға жауап берушілер ШЖМ және 460 адам жалпы орта білім беретін мектептерде жұмыс істейді. Сауалнамаға жауап берушілердің аз санын жоғары оқу орны қызметкерлері – 15 адам қамтиды. (2-кесте):

2-кесте – Ұйымның түрі

Ұйымның түрі	Облыс	Қала	Ауыл
гимназия	5	172	31
ШЖМ	1	1	148
ОББМ	10	161	299
колледж	32	919	401
ЖОО	0	9	6

«Сіздің ұйымыңыздағы оқыту тілі ?» сұрағына сауалнамаға қатысушылардың көпшілігі аралас түрдегі білім беру ұйымын (қазақ, орыс) белгілеген (3-кестені қараңыз).

3-кесте – Сауалнамаға жауап берушілердің білім беру ұйымдарындағы оқыту тілі туралы мәліметтер

Оқыту тілі	Облыс	Қала	Ауыл
Қазақ	8	139	205
Орыс	6	276	419
Қазақ, орыс	34	847	261

Сіз қалай ойлайсыз, ағылшын тілінің мұғалімдері «Жаратылыстану», «Химия», «Физика», «Биология», «Информатика» пәндері бойынша сабақ бере ала ма, егер:

1. Олар аталған мамандық бойынша екінші жоғары білім алады сұрағына 1565 адам мақұлдап жауап берді, 630-ы теріс жауап берді;

2. Көрсетілген пәндерді оқыту әдісі бойынша білімін арттыру курсынан өтеді сұрағына мұғалімдер мен оқытушылардың 726-ы – иә, ал 1469– жоқ деп жауап берді.

Сонымен, сауалнамаға жауап берушілердің көп бөлігі пән бойынша мақсатты тілде (Т2, Т3) екінші жоғары білім алу орынды деп есептейді.

Сауалнаманың келесі «Жаратылыстану», «Химия», «Физика», «Биология», «Информатика» пәндерін мұғалімдеріне ағылшын тілінің жеткілікті деңгейін меңгеруге қанша уақыт қажет? сұрағына сауалнамаға жауап берушілердің көпшілігі – 1819 адам пән мұғалімдерінің ағылшын тілін меңгеруіне 1 жыл қажет деп есептейді.

Соңғы тілдік емес пәндерді мақсатты тілде жүргізетін барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарын педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету туралы сұрақтың жауабы педагогтардың басым бөлігі билингва (қазақ/орыс) болып табылатынын көрсетеді.

Сауалнамаға жауап берушілердің 680-і өздерінің білім беру ұйымдарында ағылшын тілін білетін педагогтардың бар екенін, керісінше, 1515-і жоқ деп жауап берді. 4-кестені қараңыз.

4-кесте – Педагогтармен қамтамасыз етілу туралы мәліметтер

Қазіргі уақытта сіздердің білім беру ұйымдарыңызда тілдік емес пәндердің педагогтері бар ма:	Иә	Жоқ
ағылшын тілін білетін	680	1515
оқыту орыс тіліндегі мектептер/ сыныптар/ топтар/бөлімдер үшін қазақ тілін білетін	1437	758

оқыту қазақ тіліндегі мектептер/ сыныптар/ топтар/бөлімдер үшін орыс тілін білетін	1377	818
--	------	-----

Кестедегі мәліметтерден үштілді білім беру жағдайында оқыту орыс тіліндегі мектептер/ сыныптар/ топтар/бөлімдер үшін қазақ тілін, оқыту қазақ тіліндегі мектептер/ сыныптар/ топтар/бөлімдер үшін орыс тілін білетін мұғалімдер мен оқытушылардың, яғни билингвалардың басым болғандығы туралы қорытынды жасауға болады.

Бастапқы мәліметтер және ақпараттарды өңдеудің негізгі әдісі мониторингтің технологиялық картасы түріндегі құрылымдық форма бойынша сауал, алғашқы құжатты(технологиялық картаны) орындаушымен жеке сұхбатта нақтылау, сонымен қатар, on-line сауалнама мәліметтерін өңдеу болып табылады. Келесі әдіс алынған және өңделген талдау нәтижелерін Академияның жұмысшы топтарында, содан кейін Академияның ғылыми кеңесі мүшелерінің арасында талқылау болып табылады.

### 3 Үштілді білім беруді жүзеге асыру үшін барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарын педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етуге жүргізілген мониторинг мәліметтерін талдау нәтижелері

#### 3.1 Деңгейі: орта білім беру

Ведомстволық бағыныстағы 7511 мектептен (ҚР БҒМ мәліметтері) мониторингке 1990 орта білім беру ұйымдары қатысты (5-кесте).

5-кесте – Мониторингке қатысқан мектептер саны туралы мәліметтер

№	Облыстар атауы	БҒМ ведомстволық бағыныстағы ОМ саны	Қатысқандар			
			барлығы	оқыту қазақ тілді	оқыту орыс тілді	оқыту аралас тілді
1	Ақмола	578	578	166	189	223
2	Ақтөбе	422	31	17	6	7
3	Алматы	737	44	23	13	8
4	Атырау	192	3	3	0	0
5	БҚО	389	389	263	32	94
6	Жамбыл	449	0	0	0	0
7	Қарағанды	526	0	0	0	0
8	Қостанай	535	4	0	4	0
9	Қызылорда	298	41	38	3	0
10	Маңғыстау	132	124	111	2	11
11	ОҚО	1 021	0	0	0	0
12	Павлодар	400	400	156	82	162
13	СҚО	533	60	18	42	0
14	ШҚО	667	3	2	1	0
15	Астана қаласы	80	33	10	9	14
16	Алматы қаласы	201	167	63	65	39

Жүргізілген мониторингтің келесі сұрағы оқыту қазақ және орыс тіліндегі мектептер/сыныптарда үштілді білім беру аясында факті бойынша (2016-2017оқу жылында) және болжамдық (2017-2018 оқу жылында) қамтамасыз етілуіне арналады.

Сонымен қатар, «Қазақстан тарихы» және «Дүние жүзі тарихы» пәндерін мақсатты тілдерде (Т2), ал «Жаратылыстану», «Физика», «Биология», «Химия», «Информатика» пәндерін ағылшын тілінде (Т3) жүргізу.

Сонымен, 2016-2017 оқу жылында мониторингке қатысқан оқыту қазақ тіліндегі мектеп/сыныптардың 41 % «Дүние жүзі тарихы» пәнін орыс тілінде


жүргізетін мұғалімдермен қамтамасыз етілгені анықталды. Мектептердің 2,5-5,6% «Жаратылыстану», «Физика», «Биология», «Химия», «Информатика» пәндерін ағылшын тілінде жүргізетін педагог кадрлармен қамтамасыз етілген.

Үштілді білім беру аясында 2017-2018 оқу жылына оқыту қазақ тіліндегі мектеп/сыныптарды педагог кадрлармен қамтамасыз ету келесідей болжанады:


- «Дүние жүзі тарихы» орыс тілінде 41,6% мектеп/сыныптарда;
- «Жаратылыстану», «Физика», «Биология», «Химия», «Информатика» пәндерін ағылшын тілінде 5,1% - 7,5% мектеп/сыныптарда (1.1 суретті қараңыз).

### Оқыту қазақ тіліндегі мектеп/сыныптар

2016-2017 оқу жылы



2017-2018 оқу жылы



	орыс тілінде
	ағылшын тілінде

1.1-сурет – Пәндер мақсатты тілде жүргізілетін оқыту қазақ тіліндегі мектеп/сыныптар туралы мәліметтер (% көрсеткіште)




2016-2017 оқу жылында мониторингке қатысқан оқыту орыс тіліндегі мектеп/сыныптардың 43,1 % «Қазақстан тарихы» пәнін қазақ тілінде жүргізетін мұғалімдермен қамтамасыз етілгені анықталды. Мектептердің 3,1% ден 6,7% дейінгісі «Жаратылыстану», «Физика», «Биология», «Химия», «Информатика» пәндерін ағылшын тілінде жүргізетін педагог кадрлармен қамтамасыз етілген.

Үштілді білім беру аясында 2017-2018 оқу жылына оқыту орыс тіліндегі мектеп/сыныптарды педагог кадрлармен қамтамасыз ету келесідей болжанады:


- «Қазақстан тарихы» қазақ тілінде 41,6% мектеп/сыныптарда;
- «Жаратылыстану», «Физика», «Биология», «Химия», «Информатика» пәндерін ағылшын тілінде 4,3% - 7,6% мектеп/сыныптарда (1.2 суретті қараңыз).

### Оқыту орыс тіліндегі мектеп/сыныптар

#### 2016-2017 оқу жылы



#### 2017-2018 оқу жылы



	қазақ тілінде
	ағылшын тілінде

1.2-сурет – Пәндер мақсатты тілде жүргізілетін оқыту орыс тіліндегі мектеп/сыныптар туралы мәліметтер (% көрсеткіште)

Педагог кадрлардың қажеттілігіне байланысты технологиялық картаның үшінші бөліміне – ТК А2 а),б), Б2а),б) сәйкес – сауалнамға жауап берушілер үштілді білім беруді іске асыру үшін 2016-2017 және 2017-2018 оқу жылына

қажетті мұғалімдер санын көрсетуі қажет еді. Мәліметтерді талдау жауап алынған 16,6% оқыту қазақ тіліндегі мектеп/сыныптар «Дүние жүзі тарихы» пәнін орыс тілінде жүргізе алатын, 6,4% ден- 8,3% дейінгі мектеп/сыныптар ағылшын тіліндегі мұғалімдерді қажет ететінін көрсетеді.


2017-2018 оқу жылына келесідей педагог кадрларға қажеттілік күтіледі:

- сауалнамаға жауап берушілердің жауабына сәйкес барлығы 6,5% мектеп/сыныптар «Дүние жүзі тарихы» пәнін орыс тілінде жүргізе алатын педагогтарды қажет етеді;


- 3,3%-тен - 3,7% дейінгі мектеп/сыныптар «Жаратылыстану», «Физика», «Биология», «Химия», «Информатика» пәндерін ағылшын тілінде жүргізе алатын педагогтарды қажет етеді. (2.1 сурет)

### Оқыту қазақ тіліндегі мектеп/сыныптар

#### 2016-2017 оқу жылы



#### 2017-2018 оқу жылы



	орыс тілінде
	ағылшын тілінде

2.1-сурет – Үштілді білім беруге көшу үшін оқыту қазақ тіліндегі мектеп/сыныптарға мұғалімдердің қажеттілігі туралы мәліметтер (% көрсеткіште)



Берілген жауаптарға сәйкес, оқыту қазақ тіліндегі мектеп/сыныптарда 2016-2017 оқу жылында үштілді білім беру аясында педагог кадрларға қажеттілік:

- «Қазақстан тарихы» пәнін қазақ тілінде жүргізетін 17,1 % мұғалімді;
- 10,7% дан 13,9% ға дейінгі ағылшын тілін білетін мұғалімдерді құрайды.

2017-2018 оқу жылына болжамды қажеттілік:

- 20% «Қазақстан тарихы» пәнін қазақ тілінде жүргізетін;
- 11,8% - 13,9% ағылшын тілін білетін мұғалімдерді құрайды (2.2-суретті қараңыз).

Оқыту орыс тіліндегі мектеп/сыныптар



	қазақ тілінде
	ағылшын тілінде


2.2-сурет – Үштілді білім беруге көшу үшін оқыту орыс тіліндегі мектеп/сыныптарға мұғалімдердің қажеттілігі туралы мәліметтер (% көрсеткіште)

Ұсынылған диаграммалардан оқыту қазақ және орыс тіліндегі мектеп/сыныптарда үштілді білім беру жағдайында факті бойынша педагог кадрлармен қамтамасыз етілу бірдей деген қорытынды жасаймыз. Сонымен, «Дүние жүзі тарихы», «Қазақстан тарихы» мақсатты тілдерде (Т2) 41,6% оқыту қазақ тіліндегі мектеп/сыныптарда және 43,1% оқыту орыс тіліндегі мектеп/сыныптарда жүргізіледі, ал «Жаратылыстану», «Физика», «Биология», «Химия», «Информатика» пәндерін ағылшын тілінде жүргізумен қамтамасыз ету төмен көрсеткіш көрсетті.


2017-2018 оқу жылына тарихшы-педагогтерге болжамды қажеттілік оқыту қазақ тіліндегі мектеп/сыныптарда (16,6%), сонымен бірге, оқыту орыс тіліндегі мектеп/сыныптарда (17,1%) төмендейді. Бірақ, өзіміз көріп отырғандай, ағылшын тіліндегі педагогтерге қажеттілік (13,9% және 15,3% сәйкес) артады.

**«IV. Сапалық құрам»** төртінші бөлімнің технологиялық карталары – А3, Б3 – біліктілік санаты бар мұғалімдер туралы мәліметтерді құрайды. Ұсынылған мәліметтерге сәйкес, оқыту мақсатты тілдердегі (Т2) мектеп/сыныптардағы мұғалімдердің сапалық құрамындағы айырмашылық онша көп емес. Осы мониторингке қатысқан мұғалімдерден, «Дүние жүзі тарихы» пәнін оқыту қазақ тілдердегі мектеп/сыныптарда орыс тілінде жүргізетіндердің: 2,0% – жоғары біліктілік санаты, 3,7% – бірінші, 2,9% – екінші біліктілік санаты бар және 2,3% – санаты жоқ; «Қазақстан тарихы» пәнін орыс тілдердегі мектеп/сыныптарда қазақ тілінде жүргізетін мұғалімдерден: 2,2% – жоғары біліктілік санаты, 4,8% – бірінші, 3,4% – екінші біліктілік санаты бар және 2,5% - санаты жоқ. Ұсынылған мәліметтерге сәйкес пәнді ағылшын тілінде жүргізетін пән-мұғалімдерінің біліктілік санаты төмен, 0,2-ден 0,5% дейін өзгеріп отырады. Жоғарыдағы диаграммадан төмен біліктілік көрсеткіштер үштілді білім беруді іске асыру үшін мектептердің қазақ, орыс, ағылшын тілінде сабақ беретін мұғалімдерге мұқтаждығын көрсетеді, яғни, тілдік емес пәндерді мақсатты тілдерде (Т2,Т3) жүргізетін мұғалімдер саны өте аз (3-суретті қараңыз).

### Оқыту қазақ тілді мектептер/сыныптар




### Оқыту орыс тілді мектептер/сыныптар




3-сурет – Оқыту қазақ және орыс тілді мектептер/сыныптарда пәндерді мақсатты тілде жүргізетін мұғалімдердің біліктілігі туралы мәліметтер (% көрсеткіште)

Келесі «V. Біліктілікті арттыру туралы мәліметтер» бөліміне алдыңғы жағдай сияқты оқыту қазақ және орыс тілді мектептер/сыныптарда сабақ беретін, біліктілікті арттыру курсы мен түрлі тілдік тағылымдамадан өткен мұғалімдер саны 1 % кем (4-сурет).

### Оқыту қазақ тілді мектептер/сыныптар




### Оқыту орыс тілді мектептер/сыныптар



4-сурет – Оқыту қазақ және орыс тілді мектептер/сыныптарда пәндерді мақсатты тілде жүргізетін мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстары туралы мәліметтер (% көрсеткіште)

Сонымен қатар, оқыту қазақ тілді мектептер/сыныптарда мұғалімдер көбінесе «CLIL» әдісі, НЗМ ДББҰ-да білім мазмұнын жаңарту, «Өрлеу» АҚ үш тілде оқыту бойынша біліктілікті арттыру курсынан өтудегі белсенділігін, ал оқыту орыс тілді мектептер/сыныптарда мұғалімдердің тілдік тағылымдамадан өтуін айтуға болады (4.1-сурет).



4.1-сурет – Оқыту қазақ және орыс тілді мектеп/сыныптардағы мұғалімдердің біліктілігін арттыру курстарынан өту туралы салыстырмалы мәліметтер

### 3.2 Деңгейі: техникалық және кәсіптік білім беру

Үштілді білім беруге көшу аясында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқытушылармен қамтамасыз етілуіне жүргізілген мониторингке Қазақстанның 192 ТЖКБ ұйымдары қатысты (6-кесте), (2-қосымша).

6-кесте – Мониторингке қатысқан ТЖКБ ұйымдарының саны туралы мәліметтер

№	Облыс атауы	Қатысқандар		
		барлығы	оқыту қазақ тілді	оқыту орыс тілді
1	Ақмола	54	20	34
2	Ақтөбе	6	3	3
3	Алматы	7	4	3
4	Жамбыл	3	2	1
5	БҚО	2	0	2
6	Қостанай	50	14	36
7	Қызылорда	10	9	1
8	Павлодар	1	0	1
9	ЩҚО	12	8	4
10	СҚО	30	8	22
11	Алматы қаласы	6	3	3
12	Астана қаласы	14	7	7

Екінші бөлімнің келесі сұрағы оқыту қазақ және орыс тіліндегі колледждер/бөлімдер/топтарда үштілді білім беру аясында факті бойынша (2016-2017оқу жылында) және болжамдық (2017-2018 оқу жылында) қамтамасыз етілуіне арналады.

Сонымен, технологиялық картаны өндегеннен кейін 2016-2017оқу жылында оқыту қазақ тіліндегі колледждер/бөлімдер/топтарда тілдік емес пәндерді 12,3 % оқытушылар орыс тілінде жүргізетіні анықталды. 4,6%. оқытушылар пәнді ағылшын тілінде жүргізеді (5.1-суретті қараңыз)



5.1-сурет – оқыту қазақ тіліндегі колледждер/бөлімдер/топтарда тілдік емес пәндерді мақсатты тілде жүргізетін оқытушылар туралы мәліметтер (%көрсеткіште)

Оқыту орыс тіліндегі колледждер/бөлімдер/топтармен ұсынылған мәліметтер 2016-2017оқу жылында тілдік емес пәндерді қазақ тілінде оқытушылардың 46%, ағылшын тілінде – 7,9% жүргізетінін көрсетеді (5.2-суретті қараңыз).




5.2-сурет – оқыту орыс тіліндегі колледждер/бөлімдер/топтарда тілдік емес пәндерді мақсатты тілде жүргізетін оқытушылар туралы мәліметтер (%көрсеткіште)



Бұдан колледждер/бөлімдер/топтарда тілдік емес пәндерді мақсатты тілде жүргізетін (Т2) оқытушылар үлесі оқыту қазақ және орыс тіліндегі бөлімдерде өте ерекшеленетінін көреміз. Бұл жерде, қазақ бөлімі студенттері бойынша көрсеткіш орыс бөлімі студенттері көрсеткішінен 33,7% төмен. Колледждер/бөлімдер/топтарда тілдік емес пәндерді ағылшын тілінде жүргізетін оқытушылар үлесінде де айтарлықтай болмаса да айырмашылық сақталған және ол 3,3% құрайды.


Осыдан шығатын қорытынды оқыту орыс тіліндегі колледждер үштілді білім беруді іске асыруға көбірек тартылған. (5.3-сурет).

Оқыту қазақ және орыс тіліндегі колледждер/бөлімдер/топтар



5.3-сурет – Оқыту қазақ және орыс тілді колледж/бөлімдерде тілдік емес пәндерді мақсатты тілдерде жүргізетін оқытушылар туралы салыстырмалы мәліметтер (% көрсеткіште)

Жүргізілген мониторингтің келесі сұрағы оқыту қазақ және орыс тілді колледж/бөлімдер/топтарда тілдік емес пәндерді мақсатты тілдерде (Т2,Т3) жүргізетін оқытушылардың қажеттілігі туралы мәліметтерден тұрады. Колледждерден алынған мәліметтер оқыту қазақ тілді колледж/бөлімдер/топтарда тілдік емес пәндерді орыс тілінде жүргізетін оқытушылардың қажеттілігі – 4,5%, ағылшын тілін білетін оқытушылар – 1,5% құрайтынын көрсетеді. (6.1-сурет).




■ Т3 ағылшын тілінде

6.1-сурет – Үштілді білім беруге көшу үшін оқыту қазақ тілді колледж/бөлімдер/топтарға оқытушылардың қажеттілігі туралы мәліметтер (% көрсеткіште)

Осы сұраққа оқыту орыс тілді колледж/бөлімдер/топтар келесі мәліметтерді ұсынды: тілдік емес пәндерді қазақ тілінде жүргізетін оқытушылардың қажеттілігі – 1%, ал ағылшын тілін білетін оқытушылар – 5,7% құрайтынын көрсетеді. (6.2-сурет).


Оқыту орыс тіліндегі колледждер/бөлімдер/топтар



6.2-сурет – Үштілді білім беруге көшу үшін оқыту орыс тілді колледж/бөлімдер/топтарға оқытушылардың қажеттілігі туралы мәліметтер (% көрсеткіште)

Үштілді білім беруді іске асыру үшін педагог кадрлардың қажеттілігі туралы салыстырмалы мәліметтер оқыту қазақ тілді колледж/бөлімдер/топтарда тілдік емес пәндерді орыс тілінде жүргізетін оқытушылар үлесін арттыруға, ал оқыту орыс тілді колледж/бөлімдер/топтар көбінесе ағылшын тілін білетін оқытушылар үлесін арттыруға ынталылығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді (6.3-сурет).

Оқыту қазақ және орыс тіліндегі колледждер/бөлімдер/топтар



6.3-сурет. – Үштілді білім беруге көшу үшін оқыту қазақ және орыс тіліндегі колледж/бөлімдер/топтарда оқытушылардың қажеттілігі туралы салыстырмалы мәліметтер (% көрсеткіште)

Колледждермен мақсатты тілде жүргізілетін тілдік емес пәндер бойынша деректер, яғни осы мониторингтің III бөлімі «Мақсатты тілде жүргізілетін пәндер туралы мәліметтер», өкінішке орай толық көлемде ұсынылмады.

Төменде технологиялық карта мәліметтері бойынша мақсатты тілде оқытылатын пәндер тізімі ұсынылған:


- «Елтану»;
- «Мемлекеттік тілде іс жүргізу»;
- «Өлкетану»;
- «АӘД»;
- «Дене шынықтыру»;
- «Информатика»;
- «Еңбек қорғау»;
- «Хореография элементтерімен ритмика»;
- «АФГ»;
- «Балалар әдебиеті және мәнерлеп оқу практикумы»;
- «География»;
- «Құқық негіздері»;
- «Оқыту әдісімен дене тәрбиесі»;
- «Оқыту әдісімен музыка»;
- «Кәсіптік қызметтегі ақпараттық технология»;
- «Көлік экономикасы және өндірісті басқару»;
- «Компьютерлік технология негіздері».

Колледждерде көбінесе «Мемлекеттік тілде іс жүргізу», «Елтану» және «Өлкетану» сияқты жалпы білім беру пәндері мақсатты тілде оқытылады.

Тілдік емес пәндерді мақсатты тілде жүргізетін оқытушылардың дәрежесі туралы мәліметтерді кұрайтын АЗ,БЗ технологиялық картасының «Оқытушылардың сапалық құрамы» бөліміне сауалнамаға жауап берушілер өз жауаптарын ұсынбады, сондықтан сапалық құрамға талдау жасау мүмкін болмады.

Сонымен, V бөлім «Біліктілікті арттыру курстары» мәліметтері үштілді оқытуға қатысты тілдік тағылымдамадан өткен және 2017-2018 оқу жылында өтуді жоспарлаған оқытушылар туралы мәліметтерді қамтиды. Ұсынылған мәліметтер бойынша 2017-2018 оқу жылында оқыту қазақ тіліндегі колледж/бөлімдер/топтарда 0,9% оқытушылар орыс тілінде, 3% оқытушылар ағылшын тілінде тілдік тағылымдамадан өтуді жоспарлауда (7.1-сурет).


### Оқыту қазақ тіліндегі колледждер/бөлімдер/топтар



7.1-сурет – Тілдік емес пәндерді мақсатты тілде жүргізетін оқыту қазақ тіліндегі колледждер/бөлімдер/топтардың оқытушыларының тілдік тағылымдамалары туралы мәліметтер (% көрсеткіште)

Осындай мәліметтер оқыту орыс тіліндегі колледж/бөлімдер/ топтардың оқытушылары туралы да ұсынылған: 2017-2018 оқу жылында 0,9% оқытушылар қазақ тілінде, 2,7% оқытушылар ағылшын тілінде тілдік тағылымдамадан өтуді жоспарлайды (7.2-сурет).

### Оқыту орыс тіліндегі колледждер/бөлімдер/топтар



7.2-сурет – Тілдік емес пәндерді мақсатты тілде жүргізетін оқыту орыс тіліндегі колледждер/бөлімдер/топтардың оқытушыларының тілдік тағылымдамалары туралы мәліметтер (%көрсеткіште)

### 3.3 Деңгейі: жоғары білім беру


Мониторингке үштілді білім беруге 19 029 оқытушылары тартылған, елдің 64 жоғары оқу орны, оның: 4-і ұлттық, 26 мемлекеттік, 11 акционерленген және 23 жеке жоғары оқу орындары қатысты. (3-қосымша).

ЖОО үштілді білім беру жағдайында факті бойынша (2016-2017 оқу жылында) және болжамдық (2017-2018 оқу жылында) педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілуі сұрағына келесі мәліметтерді ұсынады:

- орыс бөлімдерінде/топтарында тілдік емес пәндерді қазақ тілінде – (19 029-нан) 3 809 оқытушы жүргізеді;
- қазақ бөлімдерінде/топтарында орыс тілінде – 4 047;
- тілдік емес пәндерді ағылшын тілінде – 2 462 оқытушы жүргізеді;
- қазақ және орыс тілдерінде – 8312;
- қазақ және ағылшын тілдерінде – 1 630;
- орыс және ағылшын тілдерінде – 1 766;
- сонымен, тілдік емес пәндерді қазақ, орыс ағылшын тілдерінде 1 689 оқытушылар жүргізеді.


2017-2018 оқу жылында қазақ-орыс билингвалы оқытушылар саны біршама азаятыны байқалады:

- орыс бөлімдерінде/топтарында тілдік емес пәндерді қазақ тілінде жүргізетін – (19 029 нан) 3 525 оқытушылар жоспарлануда;
- қазақ бөлімдерінде/топтарында орыс тілінде – 3 407 (8.1-сурет).




8.1-сурет – Тілдік емес пәндерді мақсатты тілде жүргізетін оқытушылар туралы мәліметтер (% көрсеткіште)

2016-2017оқу жылына үштілді білім беруді іске асыру үшін оқытушылар қажеттілігінің болуы туралы ЖОО-мен ұсынылған мәліметтер, колледждер сияқты Қазақстанның жоғары оқу орындары да үштілділікке көшуге ынталы еместігін көрсетеді (8.2-сурет).



8.2-сурет – Тілдік емес пәндерді мақсатты тілде жүргізу үшін ПОҚ қажеттілігі туралы мәліметтер (% көрсеткіште)


III «Сапалық құрам» бөлімінің үштілді білім беруге тартылған профессор-оқытушылардың құрамы сұрағына ЖОО-мен ұсынылған мәліметтер 8.3-суретте көрсетілген.



8.3-сурет – Үштілді білім беруге тартылған ЖОО профессор-оқытушылар құрамының біліктілігі туралы мәліметтер (% көрсеткіште)

Тілдік емес пәндерді мақсатты тілде жүргізетін, тілдік тағылымдамадан өткен оқытушыларға қатысты айтар болсақ, 8.4- суреттен оқытушылардың

басым бөлігі ағылшын тілінен тілдік тағылымдамадан өткендігін, ол тағылымдаманың жалпы санынан 34,6% құрайтынын және тек 4,8% және 4,5% тағылымдама қазақ және орыс тілдері бойынша өткенін көруге болады.



8.4-сурет – Тілдік емес пәндерді мақсатты тілде жүргізетін ЖОО профессор-оқытушылар құрамының тілдік тағылымдамалары туралы мәліметтер (% көрсеткіште)

#### **4 Үштілді білім беруді жүзеге асыру үшін барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарын педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етуге жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша қорытындылар және ұсыныстар**

Жүргізілген мониторинг нәтижелерін талдау төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

*1) орта білім беру деңгейі бойынша:*

1.1) «Жаратылыстану», «Физика», «Биология», «Химия», «Информатика» пәндерін ағылшын тілінде жүргізетін мұғалімдермен нақты қамтамасыз етілудің төмендігі анықталды;

1.2) оқыту қазақ және орыс тіліндегі мектептерде ағылшын тілін білетін педагогтерге қажеттілікті жоспарлаудың төмендігі анықталды;

1.3) үштілді білім беруді іске асыруға тартылған мұғалімдердің біліктілік санатын арттыру қажеттілігінің бар болуы;

1.4) үштілді білім беру бағдарламасын іске асыратын мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсынан және тілдік тағылымдамадан өту қажеттілігі байқалады;

*2) техникалық, кәсіптік білім беру және жоғары білім беру деңгейі бойынша:*

2.1) үштілді білім беру аясында оқытушылармен нақты қамтамасыз етудің төмендігі анықталды;

2.2) тілдік емес пәндерді мақсатты тілде жүргізетін қажетті педагог кадрларды жоспарлаудың төмендігі анықталды;

2.3) оқыту орыс тіліндегі колледждер/бөлімдер/топтардың көп жағдайда ағылшын тілін білетін оқытушыларға ынталылық танытуы;

2.4) оқыту қазақ тіліндегі колледждер/бөлімдер/топтар тілдік емес пәндерді орыс тілінде жүргізетін оқытушылар үлесін арттыруға мүдделі болды;

2.5) оқыту қазақ тіліндегі колледждер/бөлімдер/топтар бойынша мәліметтер (іс жүзінде барлық ұстанымдар бойынша) ең төмен көрсеткіштер көрсетті;

2.6) мониторинг мәліметтері үштілді білім беру жағдайында оқыту орыс тіліндегі колледждер/ бөлімдер/топтардың кеңінен тартылғанын көрсетеді;

2.7) үштілді білім беру бағдарламасын іске асыратын оқытушылардың біліктілігін арттыру курсынан және тілдік тағылымдамадан өту қажеттілігі байқалады;

2.8) үштілді білім беру бағдарламасын іске асыратын оқытушылардың қазақ және орыс тілдерінде тілдік тағылымдамадан өту қажеттілігінің болуы.

Сонымен қатар, білім берудің барлық деңгейіндегі мониторингке қатысудың жалпы мәдениетіне және бастапқы құжаттарды орындаушылардың жауапкершілігіне байланысты келесілерді:

– үштілді білім берудің қазақ (Т2), орыс (Т2) және ағылшын (Т3) тілдерін мақсатты тілдер ретінде анықтайтыны жөнінде анық және нақты түсініктің болмауы;



– өзінің орындауына қатысты құжатты оқуға немқұрайдылық немесе қаламаушылықты (дұрысында екіншісі) атап көрсетуге болады.

### **Ұсыныстар**

Жүргізілген мониторинг көрсеткендей, үштілді білім беруді іске асыру аясында барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарын педагог кадрлармен қамтамасыз ету мәселесін шешу, негізінен, әзірге жалпыұйымдастыру мәселелеріне сәйкес келеді, онда ол өзара байланысты міндеттерді:

- аймақтардың білім беру ұйымдарының бірдей қажеттілігіне мақсатты тілдерді білетін педагог қызметкерлердің қажетті көлемінің бағалары мен бірізді даярлығын анықтау жүйесін құру;

- білім беру ұйымдарының идеологиясын үштілді білім беру саласына ауыстыруға бағытталған барлық деңгейдегі педагог ұжымдармен жұмыстың арнайы жүйесін құру және енгізу;

- жоғары білікті педагог кадрларға мұқтаж, бірнеше буындардан тұратын әр аймақтың білім беру жүйесінің ерекшеліктерін ескере отырып, осы жұмысты ұйымдастыру үшін жағдай жасау;

- үштілді білім берудің кешенді мақсаттарына олардың әрекеттерін бағындыра отырып, үштілді білім берудің барлық элементтерінің өзара байланысы, олардың кіріктірілуі, бірігуі үшін жағдай жасау қалай кешенді шешуді талап етеді.

Аймақтарда қалыптасқан білім беру жүйесі және кадрларды даярлау жүйесі олардың біртіндеп жетілуіне қарамастан, қазіргі уақытта әлі де қоғам талаптарына толығымен жауап бере алмайды.

Қазіргі көптілді білім беруді дамыту бірқатар кері факторларды да құрайды: білім беру ұйымдары мен білім беру процесінің ресурстық қамтамасыз етілуінің жеткіліксіз деңгейі, қазіргі әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік мәдени өзгерістерге бейімделушіліктің төмендігі; қолданыстағы үштілді білім беруді басқару механизмдері тиімділігінің жеткіліксіздігі және білім беру жүйесіндегі білім беру менеджменті жетістіктерін ескере отырып көптілді кадрлардың қажеттілігін ортамерзімді және ұзақмерзімді болжауды құрудың ғылыми негізінің әзірленбеуі; мақсатты тілдерді білетін және жоғары деңгейдегі кәсіби шеберлікті меңгерген педагог кадрлардың жеткіліксіздігі, педагог кадрларды даярлау деңгейінің білім беру теориясы мен практикасы дамуына қойылатын қазіргі талаптардан артта қалушылығы; білім беру ұйымдарындағы инновациялық процестердің стихиялық сипаты, үштілді оқыту үшін тиімділікті таңдаудың күрделілігі, көп жағдайда білім беру сапасына зиянын келтіретін дәстүрлі оқыту әдісін ығыстырумен және республикадағы көптілді педагог кадрларды даярлау жүйесіндегі кемшіліктермен шартталған, әр деңгейдегі – орта педагогикалық буын және жоғары педагогикалық білім беру деңгейіндегі кадрларды даярлау жүйесіндегі үйлестірудің болмауы; үштілді білім беру жүйесіндегі кадрлық қамтамасыз ету болжамдық сипаттамадағы келіспеушілікті көрсететін жоғары оқу орындары және педагогикалық колледждер деңгейіндегі, аудандық деңгейдегі қызмет пен іс-әрекеттеріндегі келіспеушіліктің болмауы.

Үштілді білім беруді енгізудің тиімділігі теориялық тәсілдер мазмұнында және оның дамитын және өздігінен ұйымдасатын жүйе ретінде көптілді педагог кадрларды дайындаудың маңызды тәсілі сынды компоненттерін эксперименттік апробациялауда көрініс тапқан ұйымдастыру-педагогикалық жағдайды мақсатты іске асыруға байланысты; аймақтық жағдайларды ескере отырып, мемлекеттік білім беру кеңістігін дамытудың ұзақмерзімді және ортамерзімді бағдарламаларына негізделген кадрлық саясатты моделде болжамдау; білім беру тәжірибесіндегі және кадрлық саясат субъектілері қызметін кіріктірудегі ерекше жағдайларды ескере отырып, проблемалы болжамдық талдауға және республиканың үздіксіз және кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесі қызметіндегі оқшауланған мәселелердің нақты шешу жолдарын әзірлеуге бағдар жасау.

Әр аймақ үшін педагог кадрларды даярлауды болжамдау бойынша жұмыс біршама күрделі көрініс ұсынады, себебі субъекті ретінде білім басқармалары, педагогикалық колледждер және педагогикалық жоо, жеке мамандар және толық ұжымдар қатысады. Барлық аталған субъектілердің әр түрлі мақсатты нұсқамасы, түрлі деңгейдегі дайындығы бар, көптілді мамандарды даярлаудың әлеуметтік тапсырысы өлшемдері мен сипаттарына байланысты әр түрлі қызмет атқарады.

Көптілді педагог кадрларды даярлау жүйесін болжамжау үштілді білім беру саласындағы саясат пен стратегияларды қалыптастыру және осы салада тиімді шешім қабылдау мақсатымен үштілді білім берудің оқу-педагогикалық нысандарының болашақ дамуы туралы алдын-ала ақпарат алуға бағытталған арнайы ұйымдастырылған жүйелі ғылыми зерттеу болуы тиіс.

Болжамжау нәтижелері түрлі типтегі оқу орны түлектерінің кәсіби-біліктілік сипаттамаларында және моделдерде, үштілді білім беру жүйесінің алдағы педагогикалық қызметтеріндегі оқу жоспарлары мен бағдарламалар мазмұнында, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерде, әзірленген құралдарда, әдістер мен ұйымдастыру формаларында көрініс табады. Жаңа жағдайдағы педагог кадрларды кәсіптік оқыту ерекшеліктерін ескере отырып, көптілді педагог кадрларды даярлауды болжамжаудың міндеттері:

- үштілді білім беруді дамыту перспективаларын зерделеу;
- мамандық бойынша педагог кадрларға қажеттілікті білу және білім беру ұйымдарындағы осы қажеттілікті қанағаттандыру жолдарын анықтау;
- үштілді білім беруге тартылған педагог кадрлардың кәсіби біліктілігінің әрі қарай өсуін үйлестіру;
- үштілді білім беруді аймақтық және ұлттық ерекшеліктерді, сонымен қатар, білім беру ұйымдарының сұраныстарын ескере отырып іске асыратын нормативтік-құқықтық құжаттарды педагог кадрларға шынайы қажеттілікке бейімдеу;
- барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарының үштілді білім беру саласындағы идеологиясын өзгерту.

